

Я. Озер, М.Х. Саудбаев

Сулейман Демирель Университеті, Қазақстан, Қаскелең қ.,
e-mail: yassem.in.oz.er@sdu.edu.kz,
e-mail: madiyar.saudbayev@sdu.edu.kz

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЙМАҚТЫҚ ЖОО-ЛАРДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК
БІЛІМ БЕРУ ДИНАМИКАСЫ: 2015-2018 ЖЫЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ**

Жаңа мыңжылдық журналистика мен журналистік білім беру саласына едәуір өзгерістер алып келді. Әрине, бұл тек журналистика емес, сонымен қатар қоғамдық ғылымдар саласының барлығына дерлік әсер етті. Мұның ең бірінші себебі – соңғы 20 жылда болып жатқан технологиялық дүмпулер. Ақпарат тарату аналогтық жүйеден цифрлы жүйеге ауысқалы практикалық журналистикадағы байырғы қалыптар бұзылып, жаңаша бағыт алды. Адамдар яки ақпарат тұтынушылары цифрлы әлеммен біте қайнасып өмір сүріп жатқанда, журналистік білім беру заманға қарай бой түзеп, кей жағдайда мамандарды болашақ үшін дайындауы керек. Ол тек оқытушылар, студенттер мен журналистердің бірлескен ыждағаттылығы нәтижесінде дүниеге келеді. Ал бұл нәтиже оқу орындарының оқыту бағдарламаларына тікелей қатысты. Сондықтан оқу бағдарламаларындағы пәндерді, олардың оқыту мақсаттары (learning objectives) мен оқыту нәтижелерін (learning outcomes) зерттеу өзекті болып табылады. Көптеген шетелдік және отандық ғалымдар осы салаға біраз еңбектенген. Бұған дейінгі зерттеулер студенттер мен оқытушылар, практикалық журналистерден сауалнама алынып немесе басқа елдің журналистік білім беру бағдарламаларымен салыстыру жасау арқылы жүзеге асырылатын. Кейбір зерттеулер журналистика мен журналистік білім беруді саясаттану тұрғысынан да қолға алды.

Зерттеудің мақсаты: 1) зерттеу нысаны ретінде ЖОО-лардың Модульдік оқу жоспары, яғни 4 жылдық оқу бағдарламаларының даму динамикасын салыстырмалы түрде анықтау; 2) аймақтағы журналистика мектептерінің ашылуы мен оның қалыптасуына ықпал еткен 4 оқытушы-профессормен және зерттеу нысаны етіп алынған 4 ЖОО-ның журналистика мектебі түлектерімен тереңдетілген сұхбат жасау; 3) алынған бағдарлама мен диплом қосымшаларындағы пәндердің кодтау әдісі арқылы зерттеу.

Нәтиже ретінде мына көрсеткіштерді айтуға болады: аймақтық ЖОО-дағы журналистік білім беру бағдарламаларының даму динамикасы мен өзгерістері байқалады; олар заман талабына, еңбек нарығының сұраныстарына және мемлекеттің ішкі саясатына сәйкес дамып жатыр деуге негіз бар; орталық қалалардан ұзақ орналасқан аймақтық ЖОО-ларда мамандық пәндерін оқытуда маман тапшылығын сезуге, соған сәйкес түрлі пәндер контентінің біркелкі болуын аңғаруға болады.

Зерттеуді журналистика мамандығын оқытып отырған факультеттер, кафедралар өз бағдарламасын жасауда, практикалық журналистика мен теориялық журналистика арасындағы қашықтықты анықтауда, сонымен қатар журналистік білім беруге арналған іргелі зерттеулерге көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: журналистика, журналистік білім беру, аймақтық журналистика, журналистиканы оқытудағы мәселелер.

Y. Ozer, M.Kh. Saudbayev

Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen,
e-mail: yassem.in.oz.er@sdu.edu.kz,
e-mail: madiyar.saudbayev@sdu.edu.kz

Dynamics of journalistic education in regional Kazakhstani universities: based on 2015-2018

The new millennium has led to significant changes in journalism and journalism education. Of course, this affected not only journalism, but also almost all areas of the social sciences. The first reason for this is the technological boom over the past 20 years. With the transition from analog to digital, the old-fashioned practice of journalism has been disrupted. As people or consumers live in a digital world, journalism education needs to evolve and, in some cases, train professionals for the future. This can only be done as a result of the joint efforts of teachers, students and journalists. And this result is directly related to the educational programs of educational institutions. Therefore, the study of subjects in curricula, their learning objectives and learning outcomes is relevant. Many foreign and domestic sci-

entists have conducted a number of studies in this area. Previous studies were conducted by questioning students, teachers and practicing journalists or by comparing domestic journalism education programs with foreign ones. Some studies have also been devoted to journalism and journalism education from a political science perspective.

Main objectives of research are: 1) to study and determine the dynamics of the development of modular curricula of higher education institutions, i.e. 4 year study program; 2) conducting in-depth interviews with four teachers who contributed to the creation and establishment of regional journalism schools, as well as with graduates of four selected higher education institutions; 3) study of the received programs and applications for the diploma using the method of encoding objects.

As a result, the following indicators can be noted: the dynamics and changes in the development of journalism education programs in regional universities are determined; there is reason to say that they are developing in accordance with the requirements of the time, the needs of the labor market and the domestic policy of the state; in regional universities far from central cities, there is a lack of specialists in the teaching of professional disciplines and, accordingly, the uniformity of the content of other subjects.

This study can be used by faculties and departments that teach journalism in developing their own programs, in identifying gaps between practical journalism and theoretical journalism, as well as in promoting basic research in journalism education.

Key words: Journalism, journalism education, regional journalism, problems of educating journalists.

Я. Озер, М.Х. Саудбаев

Университет Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Каскелен,
e-mail: yassemin.ozer@sdu.edu.kz,
e-mail: madiyar.saudbayev@sdu.edu.kz

Динамика журналистского образования в региональных казахстанских вузах: на основе данных 2015-2018 гг.

Новое тысячелетие привело к значительным изменениям в журналистике и журналистском образовании, что затронуло не только журналистику, но и почти все области социальных наук. Основная причина – технологический прогресс, произошедший за последние 20 лет. С переходом от аналогового к цифровому вещанию старомодная практика журналистики была разрушена. Поскольку общество живет в цифровом мире, журналистское образование должно развиваться в соответствии с техническими достижениями и готовить специалистов для будущего. Это можно осуществить только в результате совместных усилий преподавателей, студентов и журналистов. И этот результат напрямую связан с образовательными программами образовательных учреждений. Поэтому изучение предметов в учебных планах, их целей обучения (learningobjectives) и результатов обучения (learningoutcomes) является актуальным. Многие зарубежные и отечественные ученые провели ряд исследований в этой области. Предыдущие исследования проводились путем анкетирования студентов, преподавателей и журналистов-практиков или сравнения отечественных программ журналистского образования с зарубежными. Некоторые исследования так же были посвящены журналистике и журналистскому образованию с политологической точки зрения.

Цели исследования: изучение и определение динамики развития модульных учебных программ высших учебных заведений, т.е. 4-летней учебной программы; проведение углубленных интервью с четырьмя преподавателями, которые внесли свой вклад в создание и становление региональных школ журналистики, а также с выпускниками четырех выбранных высших учебных заведений; исследование образовательных программ и приложений к диплому с помощью метода кодирования предметов.

В результате можно отметить следующие показатели: определена динамика и изменения в развитии программ журналистского образования в региональных университетах; есть основания говорить, что они развиваются в соответствии с требованиями времени, потребностями рынка труда и внутренней политикой государства; в региональных вузах вдали от центральных городов ощущается нехватка специалистов по преподаванию профессиональных дисциплин и, соответственно, единообразию содержания и контента остальных предметов.

Это исследование может быть использовано факультетами и департаментами, преподающими журналистику, при разработке своих собственных программ, выявлении разрывов между практической и теоретической журналистикой, а также при содействии фундаментальным исследованиям в области журналистского образования.

Ключевые слова: журналистика, журналистское образование, региональная журналистика, проблемы обучения журналистике.

Әдебиеттерге шолу

Қазақстан жеріндегі жоғарғы журналистік білім беру тәуелсіздік жылдарына дейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында басталды (Қазақ журналистика институты). Университет 1934 жылы Қазақстандағы ең алғашқы жоғары оқу орындарының бірі ретінде құрылған, сонымен қатар журналистика факультеті – ТМД елдері бойынша ең іргелі факультеттердің бірі (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2019). ҚазҰУ – «журналистика» мамандығы факультет болып ашылған Қазақстандағы жалғыз университет.

Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы елдер арасындағы ең көне журналистік білім беру тарихына ие мемлекет. Мәскеу мемлекеттік университетінде журналистика факультеті 1947 жылы ашылса, Алматыда алты жыл бұрын, яғни 1941 жылы ашылған. (Сабитов, 2019). Сол кездегі журналистік білім беру тарихы мен білім беру концепциясына 1991 жылы құлаған Кеңес Одағымен бірге нүкте қоюға болады. Тәуелсіздік жылдарында нарықтық қатынастың орнауына байланысты, журналистика факультеті өз мағыналық салмағын жоғалтты. Себебі тәуелсіздікке дейінгі отандық журналистика факультеті Одақтағы басқа оқу-ағарту бөлімдері сияқты бір мақсатта құрылған еді: коммунистік идеологияның кәсіби насихаттаушылары. Дегенмен Ниязгулованың айтуынша, кеңестік оқыту жүйесі 2000 жылға дейін өз жалғасын тапқан. Ол өз мақаласында Қазақстанның журналистік білім беру ерекшеліктерін, атап айтқанда, 2000 жылдан бастап елдегі ЖОО-лар кредиттік оқыту технологияларына өткендігін айтады (Ниязгулова, 2012). Ал, Барлыбаева журналистік білім берудегі жетістік медиа коммуникацияларды жетік меңгерумен деген пікірді айтады (Барлыбаева, 2019).

Немечек пен оның әріптестері қазақстандық ЖОО-ларда қызмет атқарып жүрген журналист-оқытушыларға жүргізген сауалнама негізінде зерттеу жасайды. Зерттеуге қатысқан оқытушылар «журналистиканың оқу бағдарламасы ұлттық құндылықтарға негізделі отырып жасалуы керек» дейді (Nemesek, M.; Ketterer, S., Ibrayeva, G., & Los, S., 2011). Сонымен қатар, осы сауалнама-зерттеуге қатысқан оқытушылардың көбісі журналистиканы мемлекеттік негізде оқыту керек десе, аз ғана бөлігі аймақтық мәселелерге негізделі отырып оқыту идеясын алға тартады. Зарипова мен Курамбаев кәсіби журналистер мен редакторлардан, түрлі ЖОО-да журналистік

білім алып жатқан студенттерден тереңдетілген сұхбат алу арқылы елдегі журналистік білім беру мен заманауи журналистиканың арақатынасын қарастырады (Zaripova, Kurambayev, 2019). Авторлар өз зерттеуінде Ханнистің «журналистика мектептері медиаиндустрияның қалауын толықтай қамтуы мүмкін емес. Себебі білікті мамандарды жалдау қымбат, сонымен қатар заманауи студияларда, редакцияларда қолданылатын жаңа технологиялармен жабдықтаулары да қиын» деген пікірін қолданады. Браун мен Ибраева қазақ жеріндегі кәсіби журналистика тарихына тоқтала отырып, бүгінгі медианарықты зерделейді. Олар қазақстандық журналист-студенттер тележурналистикаға барғысы келетіндігін айтады. Сонымен қатар, онлайн журналист болғысы келетіндердің де саны біршама (Brown M., Ibrayeva G, 2019).

Журналистиканы оқыту керек пе, жоқ па деген сұрақ кеше ғана ортаға шыққан мәселе емес, бұл сұрақтың туғанына бір ғасырдан астам уақыт болды.

Журналистік білім беру жүйесі журналистиканың кәсіби мамандық болып қалыптасуындағы маңызды алғышарт болып есептеледі. Негізінде, әр мамандық өзіне тиесілі нақты білім жинағына ие болып табылады және сол білімге ие болған адам сол саланың кәсіби маманы санала бастайды.

Алайда журналистика жағдайы медицина немесе инженерия мамандықтары сияқты нақты және айқын емес. Журналистиканың мақсаты мен міндеті де әр уақытта өзгеріске ұшырап жүрді. Сондықтан журналистік білім беру қалыптаса бастаған кезеңнен бері оны оқытудың қажеттілігі талқыға түсті. (Schudson, M., & Anderson, 2009)

Қазіргі кезде практиктер мен университет оқытушылары арасында қарама-қайшылық тудыратын тақырыптардың бірі – журналистиканың жүре-бара үйренетін кәсіп немесе оқып үйренетін мамандық деп саналуы. Австралиялық зерттеуші Джезефи Беата оны «Журналистік білім беру» мақаласында да атап өтеді (Josephi, 2009). Журналистиканы жүре-бара үйренетін кәсіп деп санау оның практика орнында үйретілуін талап етсе, оқып үйренетін мамандық ретінде саналуы үшін кемінде белгілі бір білім беру жолы қажет болады (Gaunt, 1992). Бірақ бүгінгі журналистердің көбі басқа мамандықтан келіп, өндіріс орнында жұмыс істеп үйренгендіктен, бұл «практик мамандар мен академиялық ортаның» дебатын қалыптастырды (Josephi, 2009). Ал, М. Дозенің айтуынша, журналистік білім беру кезінде прак-

тиканы да, академиялық саланы да ескеру керек, себебі практика мен академия саласының екіге бөлінуі журналистика мен журналистік білім беру түсініктерін қиындатады (Deuze, 2006, p. 22). Бұл пікірталас журналистік білім беру бағдарламасына келгенде де жалғасын табады. Жазу, редакциялау, сұхбаттасу, дереккөздермен жұмыс сияқты негізгі журналистика дағдыларының үйретілуіне ешкім қарсы болмаса да, автордың жазуынша, журналистикадағы басқа да зерттеулер академиялық орта мен практика арасында келіспеушіліктерді тудырады. Болашақ журналистерді журналистика немесе коммуникация зерттеулері саласында оқытқанша, практик мамандар олардың құқық, саясат секілді басқа салада оқып келгенін көбірек құптайды.

Зерттеу нысаны мен әдісі

Зерттеуде қолданылатын әдістер – журналист мамандарын дайындаудағы 4 жылда оқытылатын пәндерді бірнеше фактор мен категория бойынша жіктеп, оларға сандық контент анализ жасау, мәселеге қатысты тереңдетілген сұхбат жүргізу және нәтижелерді талдау. Сандық анализді кодтау әдісі арқылы жасаймыз.

Мақаланың зерттеу нысанын негізгі және қосымша нысан деп екіге бөлдік:

А) Негізгі нысан – Сулейман Демирел университетінің 2012-2016, 2013-2017, 2014-2018 және 2015-2019 жылғы түлектерінің диплом қосымшалары. Білім беру бағдарламалары контент анализ арқылы зерттеліп, талданады.

Ә) Қосымша нысан – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Аталмыш университеттердің журналистика мамандығы ашық дереккөздерінде (университет сайттары) және түлектер арқылы қолжетімді болған оқу бағдарламалары негізге алынды.

Қазақстандағы журналистика мектептері мен кафедраларына шолу жасалынып, жоғарғы оқу орындарындағы мамандықтар қандай аккредиттеу үрдісінен өтетіні, ҚР БЖҒ министрлігі бекіткен міндетті пәндер компоненттері қалай қалыптастырылатыны сараланады.

Алға қойылған мақсат-міндеттерімізге жету үшін мынадай зерттеу сұрақтары қойылды: 1) жоғары оқу орындарындағы журналистік білім беру бағдарламаларының даму динамикасы мен өзгерістері бар ма? 2) Университеттер болашақ мамандарды дайындауда қандай аспектіге көбірек көңіл аударады? 3) Аймақтағы журналистика оқыту үдерісі қалай жүзеге асуда?

Зерттеудің ғылыми және теориялық негіздемесін қалыптастыру үшін отандық және шетел ғалымдарының еңбектері негізге алынды, қолданылған ұғымдарға түсініктеме берілді.

Зерттеу талқысы

Қазіргі кезде Қазақстанда «5B050400-Журналистика» мамандығы бойынша оқытуға 25 университеттің лицензиясы бар. Университеттің ресми бағдарламасынан тыс, журналистік білімді жеке және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар ұйымдастырған қысқа мерзімді курстар мен тренингтер арқылы үйренуге болады. Олардың қатарында халықаралық MediaNet журналистика орталығы, «ЖаңаЖол», «ТелеЖұлдыз» білім беру орталықтары ж.т.б. ұйымдар бар (Zaripova G., Kurambayev B, 2019).

Түрлі қалаларда орналасқан 25 университет медиа нарыққа журналист мамандар шығарумен айналысады. Бұл университеттерде журналистика кафедралары, факультет немесе тек мамандық ретінде қызмет атқарады. Мамандық ретінде оқытылатын университеттерде журналистика негізінен Филология факультетінің немесе Әлеуметтік ғылымдар факультеті мен кафедрасының мамандығы саналады.

2017-2018 оқу жылына дейін ЖОО-дағы барлық мамандықтар 2013 және 2016 жылдары ҚР БЖҒ министрлігі тарапынан бекітілген үлгілік оқу жоспары (ҮОЖ) бойынша оқытылды. ҮОЖ-на сәйкес теориялық оқыту бойынша, әр студент 4 жыл ішінде түрлі пәндер модулінен тұратын 129 кредит жабуға міндетті. Үлгілік оқу жоспары 3 циклдан тұрады: жалпы білім беру пәндері (міндетті/таңдау компоненті), базалық пәндер (міндетті/таңдау компоненті); кәсіптендіру пәндері (міндетті/таңдау компоненті). Сонымен қатар, ҮОЖ 3 негізгі бөлімнен тұрады: теориялық оқыту, оқытудың қосымша түрлері және қорытынды аттестаттау.

Жалпы білім беру міндетті модуль мен кәсіптендіру міндетті модулі өзгертілмейтін міндетті пәндерден тұрады. Оның біріншісі Қазақстанда оқытылатын барлық мамандықтарға ортақ – қазақ (орыс) тілі, ағылшын тілдері, Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия және АКТ (Ақпараттық коммуникация технологиялары) сияқты пәндерден құралса, екіншісі әр мамандықтың өзіне тән міндетті пәндерінен тұрады. Бұған журналистикада Мультимедиа-лы журналистика мен Телерадио журналистика пәндері енеді.

Жалпы білім беру таңдау модулі: Құқық негіздері, Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Экология, Экономика негіздері және Өмір

қауіпсіздігінің негіздері сияқты міндетті пәндерден тұрады, бірақ бұл модульдегі жалпы 7 кредит құрайтын 3 пәнді университет/студент өзі таңдайды. Ал Базалық таңдау модулі мен кәсіптендіру таңдау модулі сабақтары толығымен ЖОО еркіне берілген.

Оқытудың қосымша түрлері модуліне – оқу, өндірістік, дипломалды тәжірибелер, дене шынықтыру деген дисциплиналар емсе, қорытынды аттестаттау модулі – мамандық бойынша мемлекеттік емтихан және диплом жұмысын жазу мен қорғаудан тұрады (Әділет заң, 2016).

Зерттеуіміздің негізгі бөлімі мамандыққа тікелей баулитын, журналистика саласында қолданылатын коммуникациялық дағдылар (soft skills) мен терең аналитикалық дағдыларды (hard skills) қалыптастыратын пәндердің анализіне арналады. Анализ кодтау әдісі арқылы жүзеге асырылады және курстың фокусын анықтауды мақсат етеді. Курс фокусы пәннің қандай дағдыға бағытталатынын анықтауға арналады. Оны (теорияға бағытталған, практикаға бағытталған, тарих, публицистика және әдебиет, жалпы білім пәндері) анықтау үшін пән аттарына және кілт сөздерге назар аударылады. Бұл жердегі теория-практика айырмашылығы сабақтың теория немесе практика түрінде өткізілгендігіне байланысты емес. Кодтау мамандықта ұсынылатын пәндердің студентті практикалық алаңда жұмыс жасауына (soft skills) немесе медиа, журналистика және коммуникация зерттеулерімен (hard skills) айналысуға дайындайтынын анықтауға тырысады. Кейбір дисциплиналар 2 категорияға жатқызылуы мүмкін. Теорияға бағытталған дисциплиналарда «теориялары, негіздері» т.с.с. кілт сөздер ізделеді. Тарихқа бағытталған дисциплиналар қатарына «тарихы» кілт сөзі бар дисциплиналар жатқызылса, публицистика және әдебиет санатына «публицистика, әдебиет» сөздері бар пәндер жатқызылады.

«Курс тақырыбы немесе бағыты қандай деген» сұраққа жауап беру үшін пән аттарына қарай кілт сөздерге назар аударылады. Бұл жақтағы категорияларға мерзімді басылым; салалық журналистика; радио және ТВ; интернет; жарнама және PR; мәлімет журналистикасы; жазу; зерттеу; публицистика және әдебиет және құқық және этика жатады. Түсініксіз немесе бұл категориялардың ешқайсысына жатпайтын пәндер «басқа» категориясына және бір пән бірнеше категорияға жатқызылуы мүмкін.

Сабақ барысында қолданылатын құралдар мен техниканы анықтау үшін сәйкесінше кілт сөздерге басымдылық беріледі (ТВ, радио, ин-

тернет, фотосурет, т.б.). Кодтау барысында пәндер ТВ, радио, фото, интернет/сандық технологиялар және компьютер бағдарламалары деп бөлінеді. Бұл кодтау зерттеуге мамандықтардың технология дамуына қаншалықты және қалай бейімделе алатындығын анықтап береді. Бір сабақ бірнеше категорияға жатқызылуы мүмкін.

Деректер мен қорытындыны жақсырақ түсіну үшін қолданылатын айнымалы мен ұғымдардың түсінігі берілген. Бұл түсінік пәнді белгілі категорияға жатқызу себебін анықтап бермек.

Теорияға бағытталған оқу үрдісі. Пәннің мақсаты теориялар, идеялар, құндылықтар, принциптер немесе философияны түсінуді қамтиды. Теория фокусындағы пәндерді тәмамдаған студент журналистика, медиа және коммуникация зерттеулерімен айналысуға қажет дағдыларға ие болуы керек.

Практикаға бағытталған оқыту. Сабақтың мақсаты – студенттің мамандықта, яғни практикалық салада қолдануы мүмкін дағдыларды оқыту. Сабақтың өзі теориялық түрде оқытылған болуы мүмкін. Бұл жерде тек пән атауының кілт сөздеріне қарай дисциплинаның студентке қандай дағды мен білім беретіндігін анықтауға тырысамыз.

Тарихи білім. Пәннің мақсаты – студенттің белгілі бір адамның, оқиғаның, үрдістің немесе ұйымның тарихи процестерімен таныс болуы.

Публицистика және әдебиет. Қазақстанның мәдени және әлеуметтік ерекшелігіне қарай, кодтауға осы санат қосылды. Қазақстандағы журналистік білім беру көбіне Қазақ тілі мен әдебиеті немесе Филология факультеті аясында жүргізілгендіктен, оқу бағдарламасында публицистика мен әдебиетке қатысты сабақтардың қаншалықты көп оқытылатынын анықтау алға қойылды.

Жалпы білім. Курс мақсаты – студенттің пән жайында жалпы білім мен негізгі ұғымдар, фактілер мен мәселелер түсінігіне ие болуы.

Кодтау барысында сол жылғы УОЖ-дағы міндетті және таңдау жалпы білім пәндер бөлек саналды. Олар кодтау үрдісінде ешқандай категорияға жатқызылмады. Себебі бұл зерттеу арқылы біз журналистік білім берудің қандай тенденциялары бар екенін анықтауды мақсат еттік. Сонымен қатар теориялық емес оқыту компоненті болып саналатын Дене шынықтыру, Өндірістік/дипломалды/оқу тәжірибелері, Қорытынды аттестация және СДУ-дағы Түрік тілі пәндері де негізгі кодтауда саналмады. Ал міндетті базалық және міндетті кәсіптік пәндер УОЖ ұсынған пәндер болғанына қарамастан,

оның силлабусы әр мамандық үшін арнайы әзірленетіндіктен, зерттеу нысаны ретінде алынды.

Бұл зерттеу жұмысы оқу үрдісі сапасын анықтамайтынын және анықтай алмайтынын айтқымыз келеді. Себебі зерттеу барысында біз тек құжаттардағы пән аттары мен кілт сөздерге, қолжетімді болған элективті пәндер каталогына назар аударатын боламыз. Осы зерттеу арқылы университет қандай бағытта көбірек жұмыс істеуге тырысып жатқанын және қандай өзгерістер жасап жатқанын анықтауға болады.

Зерттеу сұрақтарына жауап беріп, мақсатына жету үшін нысан етіп алынған 4 ЖОО-да оқытылып жатқан кәсіптендіру пәндері 4 санат бойынша қарастырылды:

а) Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы

ә) Оқытылатын пәндердің курс фокусы

б) Курс тақырыбы немесе бағыты

в) Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер.

Университеттердің әр жылғы пәндері жеке-жеке қарастырылып, кредиті мен мазмұны, саласы мен мақсатына қарай жіктелді.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика оқу бағдарламасының анализі

а) Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы

Қостанай университетінің оқу бағдарламасының анализі студенттің 4 жылда бітіріп шығатын кредит саны мен пән санының арақатынасынан басталады. Қазақстан бойынша студент 129 кредит бітіріп шығуға міндетті болса да, әр элективті пәннің кредит санын университет өзі белгілейді. Яғни сабақ санының азаюы кейбір/сабақтарға көбірек кредит берілді деген сөз.

1-кесте – Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасының көрсеткіші

	2010-2014 оқу жылы	2016-2020 оқу жылы	2017-2021 оқу жылы	2018-2022 оқу жылы
Кредит мөлшері	134	129	129	129
Пән саны	51	50	49	49

1-кестеде көрініп тұрғандай, 2016 жылы жаңа ТОО дайындалғаннан кейін Қостанай университеті жыл сайын 129 кредиттік оқу бағдарламасын жасайды. 2014 жылы 134 кредит бітірген түлек 51 пән оқыса, 2020 жылы бітіретін түлек 50 пәнді 129 кредитпен бітіреді. Бұл жер-

ден біз 51 пәннің кредиті көбірек болуы арқылы сол кезде 3 және 4 кредиттік пәндер көбірек оқытылды деген тұжырымға келе аламыз немесе оқытушылардың жетіспеушілігінен сабақтарға көбірек сағат берілу арқылы кредит мөлшері жабылды деген тезис та шығаруға болады.

Сонымен қатар біз осы оқу бағдарламаларындағы пәндерді салыстыру арқылы бағдарламаның алдыңғы жылға қарағанда қаншалықты жаңарғанын немесе өзгертілетіндігін анықтауға тырыстық. 2016-2020 оқу жылының бағдарламасында 2010-2014 жылмен салыстырғанда жалпы білім және дисциплинааралық пәндер өзгерді. Ал кәсіптік пәндерде кейбір пәндердің аттары ауыстырылса да, мағыналас болып қалды. Жаңадан енгізілген, бұрын болмаған пәндер ретінде «Фотожурналистика», «Журналистік құқықтық негіздері», «Заманауи публицистика», «Қоғаммен байланыстың теориясы мен практикасы», «Газет пен журнал жасау технологиясы», «Интернет БАҚ редакциялау және жариялау» деген пәндерді атап өтуге болады.

2017-2021 оқу жылын 2016-2020 оқу жылымен салыстырғанда оқу бағдарламасының мазмұнында еш айырмашылық жоқ. Ал 2018-2022 жылы оқу бағдарламасынан «Публицистика және әдебиет» пәні алынып, орнына «Мультимедиялық журналистика бойынша практикум» пәні енгізілді. Қорыта келгенде, мағыналас болса да, 2010-2014 оқу жылы мен 2018-2022 жылғы оқу бағдарламаларын салыстырғанда 10-11 пән айырмашылық шығады.

ә) Оқытылатын пәндердің курс фокусы

Келесі кезекте мамандықта оқытылатын пәндердің фокусына назар аударатын боламыз. Курстың фокусын кодтау барысында біз сабақ санына емес, сол сабақтарға бөлінетін кредит санына назар аударамыз, себебі сабақ саны көп болса да, оған бөлінетін сағат аз болуы мүмкін. Кестеде сол жылы оқытылатын жалпы пән саны жазылады, пайыздық көрсеткіш сол жылғы кредит санына қарай есептеледі.

2-кестеде мамандықта оқытылатын пәндердің курс фокусына қарай жіктелуін көрсетеді. Пайыздық көрсеткіш сол санатқа жататын пәндердің кредиттерінің жалпы 4 жылдық кредит санына қатысты саналды. Курстың фокусын анықтау үшін тек пән аттары емес, Қостанай университетінің сайтында қолжетімді болған Элективті дисциплиналар каталогындағы сипаттамалар да қолданылды. Бір сабақ бірнеше категорияға жатқызылуы мүмкін болғандықтан, бұл жерде пайыздық көрсеткіш 100-ден асуы немесе оған жетпеуі мүмкін.

2-кесте – Курс фокусын кодтау нәтижесі

	2010-2014 жж. 51 пән	2016-2020 жж. 50 пән	2017-2021 жж. 49 пән	2018-2022 жж. 49 пән
Теория	16 %	12.4 %	12.4 %	12.4 %
Практика	38 %	31.7 %	31 %	37.9 %
Тарих	9 %	3.9 %	3.9 %	3.9 %
Публицистика және әдебиет	6 %	10.1 %	10.1 %	8.5 %
Жалпы білім пәндері	26.9 %	20.2 %	20.2 %	20.2 %

2-кестеде көрінгендей, оқу бағдарламаларында студент бойына практикалық дағдыларды үйретуі тиіс пәндерге басымдық беріледі. Одан кейін жалпы білім пәндерінің пайыздық көрсеткіші келеді. Ондай пәндердің арасында кәсіби бағытталған қазақ/орыс және шет тілдерімен қатар, «Медиа менеджмент», «Құқықтық журналистика», «Журналистикаға кіріспе» деген сияқты сабақтар бар.

Теория санатына жататын сабақтар көрсеткішінің аз болуы теориялық сабақтар аз болды деген сөз емес. Яғни біз бұл жерде сабақтардың басым бөлігі практиктер тарапынан немесе практикалық базада өткізілді деген тезисті ұсынып жатқан жоқпыз. Керісінше, теориялық

сабақтардың аз болуы Қазақстанда журналистика, медиа және коммуникация зерттеулерімен айналысатын және айналыса алатын адамдардың аз болуын және жүргізілген зерттеулердің аздығын көрсетеді.

Кестеде «Публицистика және әдебиет» категориясына жататын сабақтардың да көбейіп жатқанын көруге болады. Сонымен қатар бұл көрсеткіш басқа категорияларға қарағанда көбірек болып келеді. Бұл сабақтардың қатарында университетте «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Кәсіби мақсаттағы әлем әдебиеті» және «Публицистика және әдебиет» деген пәндер бар.

б) Курс тақырыбы немесе бағыты

3-кесте – Курс тақырыбы немесе бағытын анықтау нәтижесі

	2010-2014 жж. 51 пән	2016-2020 жж. 50 пән	2017-2021 жж. 49 пән	2018-2022 жж. 49 пән
Мерзімді басылым	8.5 %	7 %	7 %	7%
Салалық журналистика	2.3 %	3.1 %	3.1 %	3.1 %
Радио және ТВ	11.6 %	8.5 %	7.7 %	8.5 %
Интернет	2.3 %	3.9 %	3.9 %	1.5 %
Жарнама және PR	4.7 %	5.4 %	5.4 %	7 %
Мәлімет журналистикасы	2.3 %	2.3 %	2.3 %	2.3 %
Жазу	10.8 %	10.8 %	10.8 %	8.5 %
Зерттеу	16.3 %	10.8 %	10 %	10.8 %
Публицистика және әдебиет	4.6 %	10 %	10 %	8.5 %
Құқық және этика	2.3 %	3.9 %	3.9 %	3.8 %
Басқа	18.6 %	17 %	17 %	18.6 %

Енді осы пәндердің журналистика салалары мен түрлеріне қарай бөлінісін анықтау үшін пәндерді курс тақырыбы немесе фокусына қарай жіктейміз.

3-кестеде көрсетілген нәтижеге сәйкес, санаттарға қарай жіктелу жылдан-жылға қарай қатты өзгермеді. 2016-2020 оқу жылдарында 2010-2014-ке қарағанда «Публицистика және әдебиет» категориясына жататын пәндер 4,6 пайыздан 10 пайызға, ал 2018-2022 жылы 10,8 пайызға көтерілді.

Басқа салаларға қарағанда оқу бағдарламасында «Радио және Телевизия» және «Мерзімді басылым» салаларына көбірек көңіл бөлінеді. Бірақ Қостанай университетінің оқу бағдарламасында практикаға бағытталған сабақтардың көбі бірден бірнеше бағытты қамтиды. Мысалы «Газет-журнал және телерадио бағдарламаларын дайындау», «Газет-журнал және телерадио бағдарламасын шығару» және тағы басқа мерзімді басылым мен радио және телевизияны бөлмей, бірге 3 кредиттік сабақтармен оқытады. Осы кодтауда зерттеу санатына жататын пәндердің де пайыздық көрсеткіші үлкен.

Бұл жаққа 1-кестедегі Теория категориясына жататын сабақтар енгізілді.

Қостанай университетінің ерекшелігі – бала құқықтарына басқа университеттерге қарағанда көбірек көңіл бөлетін көрінеді. Құқық және этика санатына жататын «БАҚ. Заңнама және этика» деген 2016 жылға дейін міндетті болған сабақ 2016-2017 оқу жылынан бастап, университетте оқытылмады. Бірақ қолымызда бар оқу бағдарламаларының барлығында да «Бала құқығы және журналистика» деген пән бар.

Мәлімет (дата) журналистикасына жататын пән ретінде бұл университетте тек «Аналитикалық журналистика» пәні бар. Бұл пән зерттелген оқу бағдарламаларының төртеуінде де бар.

в) Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

Оқу бағдарламасы анализінің соңғы қадамы ретінде пәндерді оқыту кезінде қолданылуы тиіс техникаға қарай жіктейміз. Бұл жіктеу бізге университет техникамен қаншалықты қамтамасыз етілуі тиіс екендігін немесе қандай техника жетіспейтінін түсінуге көмектесе алады.

4-кесте – Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

	2010-2014 жж. 51 пән	2016-2020 жж. 50 пән	2017-2021 жж. 49 пән	2018-2022 жж. 49 пән
ТВ / видео	9 %	8.5 %	8.5 %	6.2 %
Радио / аудио	6.7 %	6.2 %	6.2 %	3.9 %
Фото	0	1.5 %	1.5 %	1.5 %
Интернет/сандық технологиялар	4.5 %	3.9 %	3.9 %	3,9 %
Компьютерлік бағдарлама	9 %	9.3 %	9.3 %	9.3 %

4-кесте арнайы құралмен жабдықталған немесе техника қолдануды қажет ететін пәндердің пайыздық көрсеткішін көрсетеді. Кестеде көрсетілгендей, ТВ, радио және компьютерлік бағдарлама қолдануды қажет ететін пәндер басым. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, Қостанай университетінде сабақтардың көбі мерзімді басылым, ТВ және радионы біріктіреді, сол үшін біз осы кестеден пәндердің нақты қайсысы телевизия немесе радиоға көңіл бөлетінін көре алмаймыз.

Жылдар арасында қатты айырмашылық байқалмайды. Тек 2016 жылдан бастап «Фотожур-

налистика» пәні қосылып, фотоаппарат секілді арнайы құрал-жабдықты қолдануды қажет ететін пән қосылды. Кестедегі компьютерлік бағдарлама санатына жататын пәндер қатарына «Газет, журнал және телерадиобағдарлама шығару», «Аналитикалық журналистика», «Газет және журнал жасау технологиясы» пәндері кіреді, себебі бұл пәндердің құзиреттілігіне ие болу үшін компьютерлік бағдарлама қолдану қажет.

Интернет қолдануы керек сабақтар қатарында соңғы жылы «Мультимедиялық журналистикамен» қатар, «Мультимедиялық журналистика бойынша практикum» пәні енгізілді.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің анализ нәтижелерін қорытындылай келе, мамандықта жыл сайын оқу бағдарламасы қатты өзгермейді деп айтуға болады. Міндетті сабақтардың анализі нәтижесінде мамандықтың міндетті түрде «Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері», «Дінтану негіздері» пәндерін оқытатынын көруге болады. Бұдан басқа соңғы 3 жылдағы оқу бағдарламасында жалпы білім таңдау пәндері болып есептелетін сабақтардың да 7 емес 11 кредитті құрайтынын байқауға болады. Яғни бұл жақтағы артық 4 кредит Базалық пәндер санатына қосылып кетеді. 2016 жылдан кейін «Экология және тұрақты даму», «Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәндері міндетті компоненттен алынса да, бұл пәндер 2018-2022 жылғы студенттердің оқу бағдарламасында бар.

Оқу бағдарламасын зерттегенде келесі байқалатын нәрсе – журналистика этикасы 2016 жылы міндетті пәндер қатарынан алынып тасталғаннан кейін, бұл сабақ оқу бағдарламасына да енбеді. Қазір мамандықта тек «Журналистиканың құқықтық негіздері», «Бала құқығы және журналистика» деген пәндер оқытылады. Оқу бағдарламасында этика пәнінің болмауы оқытушы жетіспеушілігінен немесе мамандықтың бұл пәнді қажет санамауынан болуы мүмкін.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл университетте бала құқығына қатысты бөлек пән бар. 2010-2014 жылғы оқу бағдарламасында бұл пән болмаса да, «Балалар және спорт журналистикасы» деген пән болған.

Сонымен қатар, Қостанай университетінің бағдарламасында міндетті түрде «Публицистика негіздері» немесе «Публицистің шығармашылық шеберханасы» пәндері болып, публицистика мен әдебиетке көңіл бөлінетіндігін байқауға болады. Бұл пәндер университетте «Публицистика» модуліне жатады.

Университетте «Кәсіби-шығармашылық практикум» атты екі семестрлік сабақ пен «Мультимедиялық журналистика бойынша практикум», «Журналистік шеберлік» пәндері бар. Бұл пәндер студент бойында практикалық дағдыларды дамытатына арналғанымен, алғашқы екі және соңғы пән нақты журналистиканың қай саласына бағытталғаны түсініксіз.

Оқу бағдарламасында бекітілген сабақтармен қатар, жыл сайын шамамен 18 кредиттік элективті пәндер бар. Яғни студент 129 кредиттік жүйемен университет бітіре алу үшін сол пәндерді таңдауы керек болады. Ол пәндердің кейбіреуі журналистикаға қатысты болса, бір

бөлігі дисциплинааралық пәндер болып келеді. Мысалы, «Дін психологиясы», «Бәсекеге қабілетті тұлға психологиясы», «Қазақстанның экономикалық тарихы» және т.б.

Ал 2010-2014 жылы оқып бітірген түлектің диплом қосымшасында бір кредиттік «Волейбол», «Шетелдіктер үшін базалық славян тілі», «Ағылшын тілінде коммуникация» пәндерін, үш кредиттік «Маркетинг» деген сияқты дисциплинааралық пәндерді байқай аламыз.

Бағдарлама анализіне сәйкес, университеттің оқу бағдарламасы Телерадио журналистикасына, Журналистік жазуға, Публицистикаға көңіл бөлетінін, бірақ жыл сайын қатты өзгеріске ұшырамайтынын айтуға болады.

2010-2014 жылғы түлекпен жүргізілген терендетілген сұхбатта университетте оқытушылармен қатар, практик мұғалімдердің де сабақ бергенін байқауға болады. Университеттегі телевизиялық студия студенттер үшін әрқашан ашық болып, ішіндегі техника қолданылуға қолжетімді болған. Бірақ оқытушылар мен кафедра меңгерушісі студенттердің оқу кезінде практикаға барып, жұмыс істеулерін қатты қолдамайтын еді. Ал одан бөлек, түлек сөзінше, студенттер мұғалімдермен өте жақсы қарым-қатынаста еді.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, журналистика оқу бағдарламасының анализі

а) Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы

Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің анализі диплом қосымшаларындағы кредит пен пән санының ара-қатынасын көруден басталады. Бұл жақта да, кредит санының азаюы сабақ санының азаюын білдірмеуі мүмкін. Қолымызда 2005-2009 және 2012-2016 жылғы түлектердің диплом қосымшалары бар болғандықтан, арасындағы айырмашылық үлкен болуы мүмкін.

5-кесте – Кредит мөлшері мен пән санының арақатынасы

	2005-2009 оқу жылы	2012-2016 оқу жылы
Кредит мөлшері	128	129
Пән саны	59	46

Кестеде байқалып тұрғандай, екі жыл арасында бір-ақ кредит айырмашылық болса да, 2012-2016 оқу жылдарында пән саны 59-дан 46-ға түскен. Яғни 1 және 2 кредиттік пәндер азайып,

3-4 кредиттік пәндерге басымдық беріле бастады деген тұжырым жасауға болады.

2005-2009 және 2012-2016 жылғы оқу бағдарламаларын салыстыра келе, 2012 жылғы оқу бағдарламасына 10 жаңа кәсіптік сабақ енгізілгенін байқадық. Олардың арасында «Мәдениетаралық коммуникация негіздері», «Аналитикалық журналистика», «Қазақстандағы баспа ісі» және тағы басқа сабақтар бар.

ә) Оқытылатын пәндердің курс фокусы

Келесі кезекте біз пәндерді курс фокусына қарай бөліп қарастырамыз. Пайыздық көрсеткіш сол санатқа жататын пәндердің кредиттерінің жалпы 4 жылдық кредит санына қатысты саналды. Бір сабақ бірнеше категорияға жатқызылуы мүмкін болғандықтан, бұл жерде пайыздық көрсеткіш 100-ден асуы немесе оған жетпеуі мүмкін.

6-кесте – Курс фокусын кодтау нәтижесі

	2005-2009 жж. 59 пән	2012-2016 жж. 46 пән
Теория	9.4 %	16.3 %
Практика	36 %	32.5 %
Тарих	10.1 %	7 %
Публицистика және әдебиет	15.6 %	7.7 %
Жалпы білім пәндері	19.5 %	11.6 %

6-кесте нәтижесіне сәйкес, кейінгі жылы теория санатына жататын сабақтардың көбейгенін байқауға болады. Бұл университет журналистика зерттеулеріне көбірек көңіл бөле бастады дегенді білдіре алады. Публицистика және әдебиет, жалпы білім санаттарындағы пәндер сәйкесінше азайды.

Студент бойында практикалық дағдылар мен қабілеттердің дамуын мақсат ететін практикалық пәндер басым. Публицистика және әдебиет санатында 2005-2009 оқу жылында 9 сабақ болса, 2012-2016 жылдары бұл санатта тек 4 пән қалды.

2005-2009 оқу жылының бағдарламасында жалпы білім пәндеріне жататын «Кітаптану», «Дінтану», «Халық ауыз шығармашылығы»,

«Мамандыққа кіріспе және ақпараттық мәдениет негіздері» деген бір кредиттік пәндердің бар екенін көруге болады. Жалпы 2005-2009 жылғы оқу бағдарламасында бір кредиттік пәндер көп болғандықтан, сол жылғы пән саны да көп.

б) Курс тақырыбы немесе бағыты

Келесі кезекте біз Павлодар мемлекеттік университеті оқу бағдарламасындағы пәндердің қандай тақырыпта немесе бағытта көбірек жұмыс істегенін байқауға тырысатын боламыз. Ол үшін пәндерді журналистика түрлері мен бағыттарына қарай жіктейтін боламыз. 7-кестедегі «Зерттеу» бөліміне жататын пәндердің тек журналистика, медиа және коммуникация зерттеулеріне пайдалы бола алатын пәндерден құралатынын айтып кеткіміз келеді.

7-кесте – Курс тақырыбы немесе бағытын анықтау нәтижесі

	2005-2009 жж. 59 пән	2012-2016 жж. 46 пән
Мерзімді басылым	7.8 %	5.4 %
Салалық журналистика	4.6 %	2.3 %
Радио және ТВ	16.4 %	11.6 %
Интернет	1.6 %	1.5 %
Жарнама және PR	5.5 %	4.6 %

7-кестенің жалғасы

Мәлімет журналистикасы	0.8 %	3.1 %
Жазу	6.2 %	7.7 %
Зерттеу	7.8 %	15.5 %
Публицистика және әдебиет	15.6 %	10 %
Құқық және этика	1.6 %	6.2 %
Басқа	21.9 %	7.7 %

7-кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес, Павлодар мемлекеттік университеті Телерадио журналистикасы мен Публицистика және әдебиетке көп көңіл бөледі деп тұжырымдауға болады.

Сонымен қатар, екі бағдарлама арасында «Мәлімет журналистикасы» санатына жататын пәндер мөлшерінің 2,5 есе көбейгенін көруге болады. 2005-2009 оқу жылында бұл университетте тек «Зерттеу журналистикасы» атты 1 кредиттік сабақ болса, 2012-2016 жылы оқу бағдарламасының екі семестріне 2 кредиттік «Аналитикалық журналистика» пәні қосылды.

«Мерзімді басылым» санатындағы пәндер қатарына практикалық пәндер қосылды. 2005-2009 оқу жылында бұл санатта «Қазіргі газет жанрлары», «Мерзімді баспасөз және ақпарат агенттіктерінің теориясы мен әдістемесі» пәндері болса, 2012-2016 жылдары бұл санатта тек екі пән қалды – «Медиа дизайн» және «Газет, журнал, телерадиохабар шығару». Бірақ соңғы пән бірден журналистиканың бірнеше бағытын қамтып кетеді. Бұдан басқа Павлодар университетінде оқу бағдарламасындағы пәндердің көбі нақты бір-екі салаға (телерадио-журналистика сынды) ғана бағытталған.

7-кестеде университеттің құқық және этикаға да көңіл бөле бастағанын байқауға болады. 2005-2009 жылдары бұл санаттағы пәндер көрсеткіші екі пайызға да жетпеген болса, 2012-2016 оқу жылдарында 6,2 пайызға көтерілді. 2012-2016 оқу жылында бұл жақта «Заңнама Бақ және этика» және «Халықаралық құқық және БАҚ» атты 4 кредиттік екі сабақ қосылды. Яғни, этика пәні міндетті сабақтардан алынып тасталса да, оқу бағдарламасында журналистика этикасы пәні көрініс тапты.

Сонымен қатар, бұл университетте «Журналистика бойынша шеберлік сыныбы» 2 кредиттік екі семестрге созылатын сабақ бар. Бұл сабақтар студентке практикалық дағды берсе де, журналистиканың нақты қай саласына бағытталғаны түсініксіз.

в) Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

Анализдің соңғы бөлігі ретінде біз қай сабақтардың қандай техниканы қолдануы қажет екендігін анықтауға тырысатын боламыз. Ол үшін арнайы құралмен жабдықталған немесе техника қажет ететін сабақтарды топтастырып, жіктейміз.

8-кесте – Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

	2005-2009 жж. 59 пән	2012-2016 жж. 46 пән
ТВ / видео	5.5 %	8.5 %
Радио / аудио	7.8 %	5.4 %
Фото	0	0
Интернет/сандық технологиялар	1.6 %	1.5 %
Компьютерлік бағдарлама	4.7 %	8.5 %

8-кесте нәтижесі бойынша, Павлодар университетінің бағдарламасында фото түсіруге бай-

ланысты пән жоқ екенін көруге болады. Негізгі басымдық 2005-2009 жылдары Радиожурналис-

тикаға берілсе, 2012-2016 жылдары керісінше Тележурналистикаға берілді. Бұл университеттегі пәндердің басты ерекшелігі ретінде теле және радио журналистика пәндерінің бөлек оқытылуын айтуға болады. Бұл пәндердегі айырмашылықты анық көрсетуге көмектеседі.

Сонымен қатар, 2012-2016 оқу жылында компьютерлік бағдарлама қолдануы керек пәндер мөлшері де екі есе көбейген. Бұл пәндер қатарына «Медиа дизайн» мен «Аналитикалық журналистика» пәндері қосылған.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің білім беру бағдарламаларын талдау арқылы пәндердің практикалық дағдыларды меңгеруге бағытталғаны анықталды. Оның ішінде телерадиожурналистикаға және одан кейін жазу мен мерзімді басылымға көңіл бөлінеді.

Оқу бағдарламасында публицистика және әдебиетке қатысты пәндер де аз емес. Бірақ алғашқы бағдарламамен салыстырғанда, олардың кредит саны 20-дан 13-ке түскен.

Оқу бағдарламасы құқық және этикаға және мәлімет журналистикасына да көңіл бөле бастаған. Оны 2012-2016 оқу жылдарындағы сол категория сабақтары кредит мөлшерінің көбеюінен байқауға болады. Қолданылатын техника ретінде теле мен радионың арасында айырмашылық анық байқалады, себебі сабақтар бөлек бағыттар бойынша жасалған.

Мамандықта «Журналистік шеберлік», «Журналистика бойынша шеберлік сыныбы» деген пәндер оқытылады, бірақ олардың журналиске қажет қандай дағдыларды шыңдайтыны түсініксіз.

Екі жылғы бағдарламада да «Әдебиеттануға кіріспе» пәні бар. Бұл журналистика мамандығының «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасында болуымен байланысты болуы мүмкін.

2005-2009 жылғы оқу бағдарламасында өндірістік тәжірибеден бөлек, теоретикалық оқытуға кіретін «Үздіксіз өндірістік тәжірибе» пәні бар. Сол жылдың элективті пәндер каталогы қолжетімді болмағандықтан, ол пәннің мазмұны бізге түсініксіз.

Сонымен қатар 2005-2009 оқу жылында «Дінтану» пәні оқытылды. Алайда 2012-2016 жылғы диплом қосымшасында ол пән жоқ.

Мамандықта салалық журналистикаға да назар аударылады. Оны «Саясат саласындағы журналистика», «Пресса және экономика», «Публицистика және саясат» деген пәндерден көруге болады.

Мамандықтың жарнама және пиарға да көңіл бөлетінін атап кетуге болады. Себебі бұл жақта «Жарнама әдебі», «Қоғаммен байланыс» деген сияқты пәндер де оқытылады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті журналистика оқу бағдарламасының анализі

а) Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің анализі 2014-2018 және 2015-2019 жылдардағы түлектердің диплом қосымшаларындағы төрт жылдық жалпы кредит мөлшері мен пән санының арақатынасын көруден басталады. Бұл кестедегі кредит саны тек теоретикалық оқуға кіретін сабақтардың кредиттері арқылы саналған, пән саны да Өндірістік тәжірибе, Дене шынықтыру сияқты теоретикалық емес білім беруге кіретін пәндерсіз саналды. Ал пәндердің тақырыбы мен фокусын анықтауға тек диплом көшірмелері ғана емес, университет сайтында қолжетімді болған элективті пәндер каталогы да қолданылды.

9-кесте – Кредит мөлшері мен пән санының арақатынасы

	2014-2018 оқу жылы	2015-2019 оқу жылы
Кредит мөлшері	145	151
Пән саны	54	57

9-кестедегі мәліметке сәйкес, қолымызда болған екі диплом қосымшасында да төрт жылдық кредит саны 129-дан асады. 2014-2018 оқу жылында 54 пәнмен 145 кредит жабылса, 2015-2019 оқу жылында 57 пән 151 кредитпен жабылды. Яғни пән саны да, кредит мөлшері де көбейді деген сөз.

Екі жылдың оқу жоспары арасында шамамен 15 пән айырмашылық бар. Бірақ ол пәндердің барлығы кәсіптік пәндер емес. Мысалы 2015 жылы жаңадан қосылған пәндер қатарында «Шоқайтану», «Ономастика теориясы мен практикасы» деген сияқты сабақтар да бар. Жалпы алғанда, университеттің екі жылдық оқу бағдарламасынан аймақтық журналистиканың ықпалы байқалады. Оны тереңірек келесі кестелерде көретін боламыз.

ә) Оқытылатын пәндердің курс фокусы

Ендігі кезекте біз екі диплом қосымшасындағы пәндерді курс фокусына қарай бөліп, талдаймыз.

10-кесте – Курс фокусын кодтау нәтижесі

	2014-2018 жж. 54 пән	2015-2019 жж. 57 пән
Теория	11.7 %	7.3 %
Практика	19.3 %	23.2 %
Тарих	11.7 %	11.2 %
Публицистика және әдебиет	16.5 %	9.3 %
Жалпы білім пәндері	36.5 %	30.5 %

Курс фокусын кодтау нәтижесінде 10-кестеде бейнеленгендей, теориялық дағдыларға бағытталған сабақтар азайып, практикалық дағдыларға көбірек көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, пәндердің біраз бөлігі «Публицистика және әдебиетке» қатысты пәндер болып табылады. Оны да 10-кестеден байқауға болады. Бұл санат ішінде «Әдебиеттануға кіріспе», «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Шешендік өнер және журналистің сөйлеу мәдениеті», «Әдеби редакциялау және журналистика», «Публи-

цистика және оның қазіргі заманғы ерекшеліктері» деген пәндер бар. Ал тарих санатындағы пәндер екі жылда қатты өзгермеді, 11 пайыз аясында болып қалды. Жалпы білім пәндерінің ішінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы және мемлекеттік идеология» «Өлкетану», «Еңбек қорғау», «Кәсіпкерлік» деген сияқты сабақтар бар.

б) Курс тақырыбы немесе бағыты

Пәндердің қандай бағытта оқытқанын анықтау үшін енді пәндерді курс тақырыбы мен бағытына қарай талдаймыз.

11-кесте – Курс тақырыбы немесе бағытын анықтау нәтижесі

	2014-2018 жж. 54 пән	2015-2019 жж. 57 пән
Мерзімді басылым	2 %	2 %
Салалық журналистика	5.5 %	2 %
Радио және ТВ	6.2 %	17.2 %
Интернет	1.4 %	2.6 %
Жарнама және PR	5.5 %	1.3 %
Мәлімет журналистикасы	4.1 %	0
Жазу	6.2 %	6 %
Зерттеу	11.7 %	10 %
Публицистика және әдебиет	16.5 %	10 %
Құқық және этика	2.7 %	4.6 %
Басқа	26.2 %	22.5 %

11-кестеде біз 2014-2018 оқу жылдарында ең үлкен көрсеткіш публицистика және әдебиет пәндерінде екенін байқаймыз. 2015-2019 жылдары бұл пәндердің пайыздық мөлшері азайғанымен, басқа санаттарға қарағанда көбірек

болған категориялардың қатарында. 2015-2019 жылдары «Мәлімет журналистикасына» жататын пәндер оқу бағдарламасына енбеді. 2014-2018-де «Талдамалы журналистика» мен «Журналистік зерттеу әдіснамасы» оқытылса, 2015-

2019 оқу жылында бұл салаға қатысты ешқандай пән оқытылмады.

2014-2018 жылы құқық және этикаға қатысты тек міндетті болған «БАҚ заңнамасы және этика» оқытылса, 2015 жылы «Журналистің құқықтық негіздері» де қосылды.

Екі жылда да мерзімді басылымға қатты назар аударылмайтынын байқауымызға болады. 2014-2018 оқу жылында бұл санатқа жататын пән мерзімді басылым технологиясына қатысты «Баспасөз дизайны» пәні болса, 2015-2019 жылы бұл санатқа тек «Қазіргі газет жанрлары» пәні жатқызылды. Осыдан оқу бағдарламасында газет, журнал шығару технологиясына көңіл бөлінбейтіндігін айтып өтуге болады.

Ал «Жазу» категориясындағы басқа университеттермен бірдей Журналистика жанрлары, БАҚ тілі мен стилі деген пәндермен қатар, «Әдеби редакциялау және журналистика» деген пән де бар. Осы жерде ерекше атап өтуге болатын тағы бірнеше пән – зерттеу санатына жататын «Журналистиканың өзекті мәселелері» мен «Тәуелсіз Қазақстан журналистикасы». Бұл екі пән сапалы оқытылса, журналистика саласындағы ғылыми зерттеулер де арта түседі деп ойлаймыз.

в) Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

Енді арнайы құралмен жабдықталған кабинеттер мен техника қажеттілігін анықтау үшін пәндерді тағы да жіктейміз.

12-кесте – Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

	2014-2018 жж. 54 пән	2015-2019 жж. 57 пән
ТВ / видео	4.1 %	13.2 %
Радио / аудио	4.1 %	9.3 %
Фото	0	0
Интернет/сандық технологиялар	4.8 %	4 %
Компьютерлік бағдарлама	6.2 %	0

12-кесте Қызылорда мемлекеттік университетіндегі екі жылғы оқу бағдарламасы пәндерінің техника мен арнайы жабдықталған бөлмелерге қажеттілікті көрсетті. Кестеде көрінгендей, 2015-2019 оқу жылында Тележурналистикаға қатысты пәндердің үлесі күрт өсті. Осы жылғы түлектің транскриптіне сәйкес, студенттің 5-семестр сабақтарының көбі – тележурналистикаға қатысты. Бірақ Қызылорда университетінде тележурналистика мен радиожурналистика сабақтарының кейбіреуі ғана теле және радио болып екіге бөлінген. Сондықтан 2015-2019 жылдарындағы тележурналистика мен радиожурналистиканың арақатынасын нақты көру қиын.

Ал 2014-2018 оқу жылында тележурналистика мен радиожурналистиканың пайыздық мөлшері бірдей. Сол жылы телерадиожурналистикаға қатысты ортақ «Телерадиожурналистика» және тележурналистикаға қатысты бір, радиожурналистикаға қатысты бір сабақ оқытылды. Сондықтан осы жылы бұл ара жікті нақтырақ көре аламыз.

Фотожурналистикаға қатысты ешқандай сабақ болмағандықтан, зерттеу нысаны болған

диплом қосымшаларының екі жылында да фотоаппаратты қолданатын пән жоқ.

2015-2019 жылы мәлімет журналистикасына қатысты пәндер болмағандықтан, компьютерлік бағдарламаға да қатысты пәндер жоқ. Ал 11-кестеден көргеніміздей, оқу бағдарламасында мерзімді басылым технологиясына қатты көңіл бөлінбейді, сондықтан 2015-2019 жылғы компьютерлік бағдарлама көрсеткіші 0-ге тең.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 2014-2018 және 2015-2019 жылғы түлектердің диплом қосымшалары арқылы оқу бағдарламасын зерттеу нәтижесінде ең бірінші университеттің өңірлік журналистика мен аймақтық мәселелерге басқа зерттелген университеттерге қарағанда көбірек көңіл бөлетінін атап өткіміз келеді. Мысалы, оқу бағдарламасында «Сыр өңірі журналистикасының тарихы мен тәжірибесі», «Шоқайтану» «Ономастика теориясы мен практикасы», «Қазақстандағы этносаралық қатынастар», «Қазақстандағы эностардың тарихы мен мәдениеті» деген сияқты пәндер бар. Университет оқу бағдарламасында 2014 жылы тек «БАҚ

заңнамасы және этика» оқытылса, 2015 жылы «Журналистің құқықтық негіздері» де қосылды. Яғни, мамандықта құқық пен этикаға көбірек көңіл бөліне бастады деп айта аламыз.

Сонымен қатар, мамандықта публицистика, әдебиет, шешендік өнерге қатысты сабақтардың көптігін байқауға болады. Олардың қатарында басқа университеттердегідей «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Публицистикалық шығармашылық негіздері» деген сабақтармен қатар, «Шешендік өнер және журналистің сөйлеу мәдениеті», «Көркем-публицистикалық жанрлар», «Телевизия және өнер», «Әдеби редакциялау және журналистика» деген пәндер бар.

Интернет журналистика категориясына жататын «Интернет журналистика және жаңа медиа» пәні екі жылғы оқу бағдарламасында да бар. Оған қоса 2015-2019 оқу жылында Мультимедиалық журналистика да қосылды.

Одан бөлек, мамандықта «Жарнама мен PR» категориясындағы өзгерісті де атап өтуге болады. 2014-2018 оқу жылында бұл санатта 3, ал 2015-2019 оқу жылында 1 ғана сабақ болды.

Университеттің оқу бағдарламасында басқа зерттелген бағдарламаларда жоқ «Медиапедагогика» пәні бар. Бұл пән біз зерттеген диплом қосымшаларының екеуінде де бар. Элективті пәндер каталогына сәйкес, «Медиапедагогика» пәнін аяқтаған студент практик журналист қана емес, медиапедагог та бола алады. Біз бұны аталмыш пән студентті медиа саласының оқытушысы болады деп түсіндік. Алайда осы пән басқа еш университетте болмағандықтан, Қызылорда университетінің оқу бағдарламасындағы ерекше пәні болып саналады.

Бұдан басқа оқу бағдарламасында «Ғылымтанымдық журналистика» және «Қазақ эмигранттық журналистикасы» пәндері бар. Университеттің бұл зерттеуге енбеген басқа жылдардың элективті пәндер каталогын шолу нәтижесінде кейбір пәндерге ұлттық сипат берілетінін

байқадық. «Қазақ эмигранттық журналистикасы» пәнімен қатар мысал ретінде «Қазақ фотожурналистикасы» пәнін де атап өтуге болады.

Оқу бағдарламасында атап өтуге болатын тағы бір пән 2014-2018 оқу жылындағы «Дінтану және діндер тарихы» және 2015-2019 оқу жылындағы «Баспасөздегі руханият мәселелері» және «Дінтану негіздері» пәндері. Дінтануға қатысты пәндер ТОО-тағы университет таңдауы керек пәндердің де ішінде болмағанымен, біз зерттеген мемлекеттік университеттердің үшеуінде де дінтану пәні бар. Осыған қарап, мемлекеттік университеттер дінтану пәнін маңызды компоненттерге қосады деген тұжырым жасауға болады.

Бұдан басқа дисциплинааралық басқа университеттерде болмаған пәндер қатарына «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы және мемлекеттік идеология», «Кәсіпкерлік», «Кәсіпкерлік қызмет негіздері», «Еңбек қорғау», «Өлкетану» пәндерін жатқызуга болады.

Сулейман Демирел университеті журналистика оқу бағдарламасының анализі

а) Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы

Сулейман Демирел университетінің анализіне 2012-2016 оқу жылынан бастап, 2015-2019 оқу жылына дейін түлектерінің диплом қосымшалары алынды. Ең бірінші оқу бағдарламасындағы кредит мөлшері мен пән санының арақатынасын қарайтын боламыз. Бұл кестедегі кредит саны тек теоретикалық оқуға кіретін сабақтардың кредиттері арқылы саналған, пән саны да Өндірістік тәжірибе, Дене шынықтыру сияқты теоретикалық емес білім беруге кіретін пәндерсіз саналды. СДУ оқу бағдарламасының ерекшелігі ретінде университетте 4 семестр Түрік тілі пәні оқытылатынын айтқымыз келеді. Бірақ бұл теоретикалық емес оқыту және университет компоненті болғандықтан, зерттеуімізде ол кредит мөлшеріне де пән санына да әсер етпеді.

13-кесте – Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы

	2012-2016 оқу жылы	2013-2017 оқу жылы	2014-2018 оқу жылы	2015-2019 оқу жылы
Кредит мөлшері	133	138	133	129
Пән саны	56	59	57	53

Кодтау нәтижесінде СДУ-да міндетті болған 129 кредиттен көп кредит оқытылғандығын

көруге болады. Тек 2015-2019 оқу жылынан бастап қана, түлектер 4 жылда талап етілген 129

кредитті оқып шыға бастаған. Сабақ саны жыл сайын өзгеріп отырады. Таңдап алынған жылдардан біркелкі өсу немесе азаюды байқай алмаймыз.

2012-2016 мен 2013-2017 жылдардың оқу бағдарламасының арасында міндетті және жалпы білім сабақтарын санамағанда, шамамен 10-11 кәсіптік пән жаңадан қосылғанын немесе ауысқанын байқауға болады. 2014-2018 оқу жылдарында «Спорт журналистикасы», «Азаматтық журналистика» және «Фотожурналистика» сияқты бірнеше салалық журналистикаға қатысты пән жаңадан енгізілсе, 2015-2019 оқу жылының бағдарламасында «Тереңдетілген медиадизайн», «Дата журналистика», «Контент стратегия және

даму», «Шиеленіс аймағынан репортаж», «Дерек көздерімен жұмыс» деген пәндер енгізілген. Жалпы алғанда, 2012-2016 мен 2015-2019 оқу жылдарының арасында 15 жаңа кәсіптік пән айырмашылығы бар.

ә) оқытылатын пәндердің курс фокусы

Келесі кезекте пәндердің теориялық немесе практикалық білім мен дағдыларға негізделетінін анықтауға тырысамыз. Бұл кестеде пайыздық көрсеткіш 100-ден асуы немесе оған жетпеуі мүмкін. Себебі бір сабақ бірнеше категорияға жатқызылуы мүмкін. Ал пайыздық көрсеткіш сол жылдық жалпы кредит санына қатысты есептеледі.

14-кесте – Курс фокусын кодтау нәтижесі

	2012-2016 56 пән	2013-2017 59 пән	2014-2018 57 пән	2015-2019 53 пән
Теория	15 %	13.8 %	10.5 %	12.4 %
Практика	36 %	33.3 %	34.6 %	36.4 %
Тарих	9.8 %	10.1 %	10.5 %	8.5 %
Публицистика және әдебиет	4.5%	6.5 %	4.5 %	4.6 %
Жалпы білім пәндері	15.8 %	18.8 %	19.5 %	17.8 %

14-кесте бойынша біз ең бірінші осы оқу бағдарламаларында басқа университеттерге қарағанда публицистика және әдебиет санатына жататын пәндердің аздығын байқауымызға болады.

Келесі кезекте университеттегі теорияға көңіл бөлетін пәндердің жылдан-жылға азайып, соңғы жылы көбейгенін көруімізге болады. Яғни, мамандықта медиа зерттеулеріне жақсы көңіл бөлінген болуы мүмкін, бірақ келесі жылдары да азайса, пәндердің жетіспеушілігі байқалуы мүмкін. Теориялық пәндер қатарына жататын

«Масс коммуникация теориялары», «Зерттеу әдістері», «Коммуникация тарихы» басқа зерттелген университет бағдарламаларында жоқ пәндер болып табылады.

«Тарих» санатындағы пәндер де, 2013-2017 және 2014-2018 оқу жылдарында көбейіп, 2015-2019 оқу жылында қайтадан азайды.

б) Курс тақырыбы немесе бағыты

Келесі кезекте пәндердің студентті қандай дағдыларға бейімдейтінін анықтау үшін пәндерді курс тақырыбы немесе бағытына қарай талдаймыз.

15-кесте – Курс тақырыбы немесе бағытын анықтау нәтижесі

	2012-2016 56 пән	2013-2017 59 пән	2014-2018 57 пән	2015-2019 53 пән
Мерзімді басылым	3 %	3.6 %	3.7 %	5.4 %
Салалық журналистика	1.5 %	1.4 %	4.5 %	5.4 %
Радио және ТВ	18 %	9.4 %	10.5 %	10.8 %
Интернет	1.5 %	2.9 %	3 %	6.2 %

15-кестенің жалғасы

Жарнама және PR	4.5 %	5.8 %	4.5 %	2.3 %
Мәлімет журналистикасы	1.5 %	5 %	3 %	7 %
Жазу	7.5 %	11.6 %	10.5 %	7.7 %
Зерттеу	17.3 %	15.2 %	15.8 %	16.3 %
Публицистика және әдебиет	4.5 %	6.5 %	1.5 %	4.6 %
Құқық және этика	5.2 %	4.3 %	4.5 %	5.4 %
Басқа	12.7 %	10.1 %	9 %	7.7 %

15-кесте оқу бағдарламасындағы пәндердің журналистика түрлері мен бағытына қарай жіктелуін көрсетеді.

15-кестеде көрінгендей, жыл сайын мерзімді басылымның пайыздық көрсеткіші көбейіп келеді. Бірақ бұл жердегі пәндердің көбеюі мерзімді басылым технологиясына қатысты пәндердің көбеюімен, атап айтқанда «Медиадизайн» пәнінің қосылуымен байланысты. 2013-2017 және 2014-2018 оқу жылдары тек «Медиадизайн» оқытылса, 2015-2019 оқу бағдарламасына «Тереңдетілген медиадизайн» пәні де қосылды.

Негізгі басымдық телерадио журналистикасы берілген, бірақ оның пайыздық көрсеткіші жылдан-жылға азайып келеді және басқа категориялармен салыстырғанда қатты айырмашылық жасамайды.

Кестеде көрінетін тағы бір тұжырым – университетте мәлімет журналистикасына қарай көңіл бөлу байқалады. Кейінгі жылдары мәлімет журналистикасына «Даға журналистика», «Тал-

дамалы журналистика», «Сараптамалық журналистика» деген сияқты пәндер қосылды.

Мамандық «Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» факультетінің аясында жұмыс жасағандықтан болар, мамандықта 2014-2018 оқу жылдарында «Құқықтық журналистика», ал 2015-2019 оқу жылында ол ТООБ-қа енбей тұрып «Журналистің құқықтық негіздері» пәні оқытыла бастады. Оның қасында журналистика этикасы да «БАҚ заңнамасы және этика» пәні етіп оқытылады.

Интернет журналистикасына да берілетін көрсеткіш жыл сайын артуда. Бұл жерде «Конвергентті журналистика», «Жаңа медиаға кіріспе» пәндері оқытылады.

в) Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

Анализдің соңғы қадамы ретінде университет оқу бағдарламасындағы пәндерді қолданылатын техника мен құралдарға қарай талдауға тырысатын боламыз.

16-кесте – Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер

	2012-2016 56 пән	2013-2017 59 пән	2014-2018 57 пән	2015-2019 53 пән
ТВ / видео	9 %	8 %	6.8 %	6.2 %
Радио / аудио	6 %	0	4.5 %	4.6 %
Фото	0	0	1.5 %	1.5 %
Интернет/сандық технологиялар	3.7 %	5 %	5.3 %	10 %
Компьютерлік бағдарлама	4.5 %	7.2 %	6.8 %	10.8 %

16-кестеде арнайы бөлме немесе техниканы қажет ететін сабақтардың қалай бөлінгенін көруге болады. Ең бірінші назар аударарлық

нәрсе – 2013-2017 оқу жылдарында Радиожурналистикаға қатысты пәндердің болмауы. Бұл сабақ өтетін базаның немесе оқытушының

жоқтығымен байланысты болуы мүмкін. Пәндердің тележурналистика немесе радио/аудио журналистика болып бөлінуі осы екі сала арасындағы айырмашылықты анық байқауға мүмкіндік береді.

Кестеде тележурналистика сабақтарының азайып жатқанын көруімізге болады. Ал интернет пен компьютерлік бағдарлама қолданатын сабақтар жыл сайын көбейіп келеді. 2015-2019 оқу жылында интернет пен сандық технологиялар санатындағы пәндер алдыңғы жылға карағанда екі есе көбейді.

Сулейман Демирел университетінің журналистика мамандығы бойынша оқу бағдарламасын зерттей келе, университетте журналистиканың әр түрлі салалары мен түрлері, жанрларына көңіл бөлетінін байқауға болады. Бірақ қолда болған соңғы 2015-2019 оқы жылындағы бағдарламада салалық журналистика пәндері көп болмаса да, радио, телевизия, интернет пен тағы басқа салалар арасындағы бөлініс қатты үлкен емес.

Университетте басқа университеттерде оқытылмайтын «Дата журналистика», «Бейне композициясы», «Тереңдетілген медиадизайн», «Контент стратегия және даму» деген сияқты сабақтар бар.

Салалық журналистикаға қатысты университетте студенттердің саясат және экономикалық тақырыптарда да мақала жазуына көңіл бөлетін көрінеді. Оны «Экономикалық журналистика», «Саяси коммуникация», «Шиеленіс аймағынан хабар тарату» пәндерінен байқауға болады.

Қорытынды

Негізгі қорытындыны әр ЖОО-лардың оқу бағдарламаларына жасалған анализдің нәтижесінен көре аласыздар. Жалпы алғанда аймақтық ЖОО-дағы журналистік білім беру бағдарламаларының даму динамикасы мен өзгерістері байқалады. Оларды заман талабына, еңбек нарығының сұраныстарына және мемлекеттің ішкі саясатына сәйкес деп үш негізгі себепті айтуға болады. Мемлекет саясатының көрінісі «Мәдени мұра», «Дінтану» немесе «Рухани жаңғыру» т.с.с. пәндерден байқалады. Сонымен қатар, кейбір элективті пәндердің ұлттық университеттердің оқу бағдарламасынан алынғанын көруге болады.

Университеттер болашақ мамандарды дайындауда интернет журналистикасы, конвергентті журналистика және жалпы журналистиканың аспектілеріне көбірек көңіл аударатыны байқалады. Дегенмен кейбір ЖОО-ларда мамандыққа алшақ басқа пәндердің оқытылатынын байқаймыз. Бұл журналистика бағдарламасы өзі жеке кафедра емес басқа мамандықпен бір кафедра болуынан деп топшылауға болады.

Түлектердің айтуы бойынша оқыту үдерісі лекция, семинар және кейбір пәндерден жоба түсіру немесе жазу бар.

Бұл зерттеу тек 2014-2018 жылды және тек 4 ғана университетті қамтыды. Сондықтан бұл жұмыс бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарына кіріспе немесе көмекші құрал ретінде қаралмаса, жалпы қазақстандық журналистік білім беруге бағдарламаларының көрсеткіші деуге болмайды.

Әдебиеттер

- Барлыбаева С. (2019) Современное медиаобразование в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия Журналистики, 3 (53), 55-62.
- Gaunt P., (1992) Making the newsmakers: International handbook on journalism training. Westport, CT: Greenwood Press.
- Deuze, M. (2006). Global journalism education: A conceptual approach. *Journalism Studies*, 7(1), 19–34. doi:10.1080/14616700500450293
- Joseph B., (2009) Journalism Education. In K. Wahl-Jorgenson & T. Hanitzsch (Eds.), *The handbook of journalism studies* (pp. 88–101). London: Routledge.
- Nemecek M., Ketterer S., Ibrayeva G., & Los S. (2011). Journalism Education and Professional Training in Kazakhstan: From the Soviet Era to Independence. In E Freedman & R. Shafer (Eds), *After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia* (pp. 217-232). East Lansing, MI: Michigan State University Press
- Ниязгулова А.А (2012) Модель казахстанского медиаобразования // Вестник КазНУ. Серия журналистики, 1 (31), 68-75.
- Hannis G., (2017) Journalism Education in New Zealand: Its History, Current Challenges and Possible Futures
- Schudson, M., & Anderson, C. (2009) Objectivity, professionalism, and truth seeking in journalism. In K. Wahl-Jorgenson & T. Hanitzsch (Eds.), *The handbook of journalism studies* (pp. 88–101). London: Routledge.
- Zaripova G., Kurambayev B. (2019) How the journalism community in Kazakhstan views journalism education // Вестник КазНУ. Серия Журналистики, 3 (53), 83-90.

Электронды ресурс:

Әділет заң, Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан, Об утверждении типовых учебных планов по специальностям высшего и послевузовского образования // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008636#z10>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті (20 қаңтар, 2020) Қараңыз: <https://www.kaznu.kz/kz/257>

Brown M., Ibrayeva G., Why Study Journalism: Motivation of Future Kazakh Journalists Vol 1 No 1 (2019): Central Asian Journal of Social Sciences and Humanities (2 қараша, 2019) Қараңыз: <https://jhumansoc-sc.kaznu.kz/index.php/1-urasian/article/view/188>

Информационный портал 365info.kz. Журналистика Казахстана доказывает: наше общество не готово к свободе слова (20 қаңтар, 2018) Қараңыз: <https://365info.kz/2015/01/zhurnalistika-kazaxstana-dokazyvaet-nashe-obshhestvo-ne-gotovo-k-svobode-slova>

Hannis G., (2017) Journalism Education in New Zealand: Its History, Current Challenges and Possible Futures (2 қараша, 2019) Қараңыз: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1326365X17728823>

References

Barlybayeva S. (2019) Sovremennoye mediaobrazovyye v Kazakhstane. [Modern media education in Kazakhstan] Seriya Zhurnalistiki, vol. 3. no 53, pp. 55-62.

Gaunt P. (1992) Making the newsmakers: International handbook on journalism training. Westport, CT: Greenwood Press.

Deuze, M. (2006). Global journalism education: A conceptual approach. Journalism Studies, 7(1), 19–34. doi:10.1080/14616700500450293

Joseph B. (2009) Journalism Education. In K. Wahl-Jorgenson & T. Hanitzsch (Eds.), The handbook of journalism studies (pp. 88–101). London: Routledge.

Nemecsek, M.; Ketterer, S., Ibrayeva, G., & Los, S. (2011). Journalism Education and Professional Training in Kazakhstan: From the Soviet Era to Independence. In E Freedman & R. Shafer (Eds), After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia (pp. 217-232). East Lansing, MI: Michigan State University Press

Niyazgulova A.A (2012) Model' kazakhstanskogo mediaobrazovaniya. [Model of Kazakhstani media education]. Vestnik KazNU. Seriya zhurnalistiki, vol. 1. no. 31, pp. 68-75.

Hannis G. (2017) Journalism Education in New Zealand: Its History, Current Challenges and Possible Futures

Schudson, M., & Anderson, C. (2009) Objectivity, professionalism, and truth seeking in journalism. In K. Wahl-Jorgenson & T. Hanitzsch (Eds.), The handbook of journalism studies (pp. 88–101). London: Routledge.

Zaripova G., Kurambayev B. (2019) How the journalism community in Kazakhstan views journalism education. Seriya zhurnalistiki, vol. 3, no. 53, pp. 83-90.

Electronic resource:

Adilet zan, Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan, Ob utverzhdenii tipovykh uchebnykh planov po spetsial'nostyam vysshego i poslevuzovskogo obrazovaniya (20 қаңтар, 2020): // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008636#z10>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті (20 қаңтар, 2020): <https://www.kaznu.kz/kz/257>

Brown M., Ibrayeva G., Why Study Journalism: Motivation of Future Kazakh Journalists Vol 1 No 1 (2019): Central Asian Journal of Social Sciences and Humanities (2 қараша, 2019) Қараңыз: <https://jhumansoc-sc.kaznu.kz/index.php/1-urasian/article/view/188>

Информационный портал 365info.kz. Журналистика Казахстана доказывает: наше общество не готово к свободе слова (20 қаңтар, 2018) <https://365info.kz/2015/01/zhurnalistika-kazaxstana-dokazyvaet-nashe-obshhestvo-ne-gotovo-k-svobode-slova>

Hannis G., (2017) Journalism Education in New Zealand: Its History, Current Challenges and Possible Futures (2 қараша, 2019) Қараңыз: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1326365X17728823>